

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы Федоров ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 1 ақпандағы № 16 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 ақпанда № 8250 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Федоров аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2018 жылғы 21 желтоқсанның № 575 ұсынысы негізінде, Федоров ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Федоров ауданы Федоров ауылдық округі Затышенка ауылында орналасқан Василий Емельянович Бубликтің шаруа қожалығы аумағындағы ірі қара мал құтыруының эпизоотиялық ошағына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Федоров ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2018 жылғы 16 қазандағы № 128 шешімінің (2018 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8065 болып тіркелген) күші жойылған деп танылсын.

3. "Федоров ауданы Федоров ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Федоров ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық денсаулық сақтау
комитетінің Қостанай облысы
Қоғамдық денсаулық сақтау
департаментінің Федоров
аудандық қоғамдық денсаулық
сақтау басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Е. К. Джагалтаев

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігі Ветеринариялық
бақылау және қадағалау
комитетінің Федоров
аудандық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ М. Б. Нуркин

КЕЛІСІЛДІ

"Федоров ауданы
әкімдігінің ветеринария
бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ У. А. Успанов